

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 133 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 666 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Б.С. Сәрсековтің қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстар сметасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 133 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Б.С. Сәрсековтің Мәскеу қаласындағы (Ресей Федерациясы) ТМД-ның Терроризмге қарсы орталығындағы қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығыстар сметасында:

"Сомасы" деген бағандағы "1433" және "2433" деген сандар тиісінше "2100" және "3100" деген сандармен ауыстырылсын;

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2006 - 2008 жылдарға -  $2433 \times 15 + 3100 \times 21 = 101595$  АҚШ доллары.

1 АҚШ доллары бағамының 2006 жылы - 127 теңге, 2007 жылы - 117 теңге болғанын ескере отырып, 2006 - 2008 жылдар кезеңінде тағайындалу мерзіміне арналған барлық шығыстар 101595 АҚШ долларын құрайды."

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*